

**Ян Садлак** – Румынияның Клуж-Напока қаласындағы Бабеш Боляй университеті Еуропалық орталығының профессоры. 2009 жылы қазан айында ол IREG Академиялық ранжирлеу мен басымдық бойынша халықаралық обсерваторияның президенті болып тағайындалды. Профессор Я. Садлак жоғары білім берудің саясаты, менеджменті мен басқаруы бойынша әлемге танылған және жарияланатын сарапшы болып табылады. Оның ғылыми қызығушылығы салалары жоғары білім беру мен ғылыми саясаттағы реформалар және өзгеру процестері, докторантурада білім беруді ұйымдастыру, біліктілік алу, жекеменшік жоғары білім, әлемдік деңгейдегі университеттер, сапа қамтамасыз ету мен академиялық ранжирлеу, сонымен қатар жоғары білім берудегі этикалық өлшемдер мен академиялық құндылықтар болып табылады.

Ян Садлак жоғары білім беру мен әлеуметтік саясат саласындағы жетекші журналдардың, соның ішінде «Higher Education Management» (ЭЫДҰ жариялайтын) редакциялық алқасының мүшесі болып табылады. 2009 жылы қыркүйекте Рим Папасы Бенедикт XVI Ян Садлақты Agenzia della Santa Sede per la Valutazione e la Promozione della Qualità e Facoltà Ecclesiastiche (AVEPRO) (католиктік университеттер мен мектептерде сапаны бағалау мен ілгерілету бойынша Holy See агенттігі) директорлар Кеңесінің мүшесі етіп тағайындады. Профессор Ян Садлак Румынияның, Ресей Федерациясының және Украинаның жетекші университеттерінде бірнеше озаттық белгілерімен және алты «Құрметті Доктор» (Doctor honoris causa) атағымен марапатталған.

Ян Садлак Париж қаласындағы (Франция) Еуропалық өнер, ғылым және гуманитарлық білімдер академиясының корреспондент-мүшесі және Сан Франциско қаласындағы (АҚШ) Әлемдік өнер және ғылым академиясының мүшесі болып табылады. 2009 жылғы қыркүйектен 2011 жылғы қаңтар аралығында Варшавалық әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінде /SWPS профессор және халықаралық ынтымақтастық бойынша проректор қызметін атқарды. 1999 жылғы қазаннан 2009 жылғы шілдеге дейін Еуропалық жоғары білім беру орталығының директоры және Румыниядағы ЮНЕСКО өкілі қызметін атқарды. Оған дейін Париж қаласында ЮНЕСКО-ның Жоғары білім беру саласындағы саясаты Департаментінің төрағасы қызметін атқарды (1992-1999 жж.).

Профессор Ян Садлак АҚШ-тағы SUNY/ Буффало Университетінде білім беру саласындағы басқару бойынша философия докторы дәрежесін (1988 ж.) және Польшаның Вроцлав қаласындағы «Оскар Ландж» Экономика академиясында экономика магистрі дәрежесін (1968 ж.) алды.